

Қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 7 маусымдағы N 15/04 қаулысы. Қарағанды облысы Абай ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 18 маусымда N 8-9-135 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 09/03 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 11.03.2014 № 09/03 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы", Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылғы 1 наурыздан бастап үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз етуге құқығы бар тұлғаларға қосымша әлеуметтік көмек көрсетілсін (бұдан әрі - әлеуметтік көмек).

2. Әлеуметтік көмек әр мүгедек балаға тоқсанда төрт айлық есептік көрсеткіш м ө л ш е р і н д е б е р і л с і н .

3. Келесі жағдайлар белгіленсін:

1) мүгедек балаларға әлеуметтік көмек (толықтай мемлекет қамтамасыз ететін мүгедек балалар және оларға қатысты ата-аналары ата-ана құқығынан айырылған мүгедек балалардан басқа) ата-анасының біреуіне және үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек баланың басқа заңды өкілдеріне отбасы кірісіне т ә у е л с і з б е р і л е д і ;

2) әлеуметтік көмек өтініш білдірген мерзімінен бастап "Қарағанды облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жанындағы ведомствoarалық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін беріледі;

3) әлеуметтік көмекті төлеу қаржыландырудың түсуіне байланысты өткен айға жүргізіледі. Әлеуметтік көмек төлеуді тоқтатуға әкеп соққан жағдайлар бар болғанда (мүгедек баланың 18 жасқа толуы, мүгедек баланың қайтыс болуы, мүгедектікті алып тастау), төлемдер сәйкес жағдайлар туындағаннан кейінгі а й д а н б а с т а п т о қ т а т ы л а д ы .

4. "Абай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (З. Шакентаев) әлеуметтік көмекті тағайындауды және төленуді қамтамасыз етсін.

5. "Абай ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (В.Г. Колябина) және "Абай ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Б.Р. Муталыпова) жергілікті бюджетте қарастырылған қаражаты шегінде міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес әлеуметтік көмекті қаржыландыру бойынша мәселені шешсін.

6. Абай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 5 сәуірдегі N 10/05 "Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету туралы" қаулысы жойылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай ауданы әкімінің орынбасары Ә.А. Жүніспековаға жүктелсін.

8. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 наурыздан бастап пайда болған қатынастарға таратылады.

Абай ауданының әкімі

Е. Нашаров